

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын
арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
25 қантар 2019 ж.**

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»
25 января 2019 г.**

PROCEEDINGS
international scientific and practical conference
**“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”
25 January 2019**

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261
ГРНТИ 06.73.15

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding sinternational scientific and practical conference “**New financial model as the kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2019.

ISBN 578-601-337-111-5

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 578-601-337-111-5

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Рейдолда С.

Магистр, аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: sau_1981@mail.ru

Андапта: Мақалада мемлекеттік қажеттілік үшін өнімдерді сатып алуда конкурстық сауданы дамыту бағыттарын электрондық түрде жүзеге асыру маңыздылығы аталып өткен. Қазіргі таңда дүниежүзінде электрондық саудада қолданылып жүрген business-to-business (B2B) жүйесінің мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін қажеттілігі және электрондық сауданың артықшылықтарын ашып көрсеткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуды электрондық жүйеге көшіру және оның даму жолдары қарастырылған. Электрондық мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесі нақты уақыт режимінде электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізуге арналған. Бұл үшін жүйе тапсырыс берушілердің қажеттілігі туралы ақпараттарды беруді, сатып алу реестрін құру нәтижесі ретінде біріктіруді келесі сатып алу тәртібінің өткізлуін қамтамасыз ететіндігіне тоқталған.

Түйінді сөздер: мемлекеттік сатып алу, конкурстық сатып алу, электрондық сауда, жабдықтаушы, мемлекеттік тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алу жүйесі, электрондық мемлекеттік сатып алу, цифрлік электрондық қол.

Аннотация: В статье отмечена важность реализации в электронном виде направлений развития конкурсной торговли в закупках продукции для государственных нужд. В настоящее время существующая в мире электронная торговля система business-to-business (B2B) раскрыла необходимость для осуществления государственных закупок и преимущества электронной торговли. Также в Республике Казахстан предусмотрены пути перехода государственных закупок на электронную систему и его развития. Информационная система электронных государственных закупок предназначена для проведения электронных государственных закупок в режиме реального времени. Для этого система должна обеспечить передачу информации о потребности заказчиков, объединение как результат формирования реестра закупок, проведение следующего порядка закупок.

Ключевые слова: государственные закупки, конкурс, электронная торговля, поставщик, государственный заказчик, система государственных закупок, электронные государственные закупки, цифровая электронная подпись.

Annotation: The article notes the importance of implementation in electronic form of the directions of development of competitive trade in procurement of products for state needs. Currently, the world's e-Commerce business-to-business (B2B) system has revealed the need for public procurement and the benefits of e-Commerce. Also in the Republic of Kazakhstan there are ways of transition of public procurement to the electronic system and its development. The information system of electronic public procurement is designed to conduct electronic public procurement in real time. To do this, the system must ensure the transfer of information about the needs of customers, the Association as a result of the formation of the procurement register, the next procurement procedure.

Key words: public procurement, competition, electronic trading, vendor, government contractor, government procurement, electronic public procurement, digital electronic signature.

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік ведомствалардың, ұйымдардың және мекемелердің шығындарының негізгі бөлігін құрайды, ұзақ мерзім бойында ұлттық экономиканың тұрақты дамуы және оның басым салаларына инвестицияның құйылуын қамтамасыз ету үшін орта құрудың маңызды факторы ретінде қатысады. Олар инвестициялық потенциалды тиімді бөлуге және экономиканың барлық салаларын дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуға, сонымен қатар ғылыми зерттеулер жүргізуге және оның нәтижелерін өндіріс үрдісіне енгізуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады [1].

Мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту отандық өндірушілерді ынталандыру және қолдау, экономиканың салалық және аймақтық құрылымын реттеу үшін жиынтық сұранысты өсіру факторы болып табылады. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс арқылы сатылып алынатын өнімдердің көлемін тепе-тең реттеу кезінде оның нақты бір түрлері бойынша бағаның өзгерісіне оң ықпал жасауы мүмкін. Қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық процестерді стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау үндестігін дамыту өзекті мәселе болып табылады. Мемлекеттік сатып алудың тағайындалуы орталық және жергілікті басқару органдары мен мекемелер, мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың тауарлар, жұмыстар және қызметтерге деген қажеттілігін қанағаттандыру және оларға берілген қызметтерді орындау болып табылады. Мемлекеттік сатып алу маңызды сфераларды қамтиды, сондықтан мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстанда нарықтық қатынастардың дамуы мемлекеттік жоспарлы тапсырыстан мемлекеттік сатып алуға өтуді реформалай отырып, мемлекеттік қажеттілікті қанағаттандыру жүйесіне сапалы жаңа талаптарды енгізді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау негізі болып 1996 жылы 13 мамырда №586 «Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы» және 24 шілдеде №925 «Аймақтардың тұтынуын қамтамасыз ету үшін тауарларды, (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру тәртібі туралы негізгі ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы қабылданды. 1998 жылы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Қазақстан Республикасының заңы енгізілді, 2002 жылы бұл заң жаңадан басылып шықты. Осылайша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары мен тәсілдерін айқындайтын нормативтік-құқықтық негіздер қаланды. Алайда мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі қаржылық қатынастарды реттеу үшін құрылған нормативтік-құқықтық база осындай күрделі саланың көптеген мәселелерін шеше алмады [1].

Кез келген экономикалық жүйенің негізгі міндеті шектеулі қаржылық ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану болып табылады. Мемлекеттік сатып алудағы бюджет қаражаттарының пайдаланылуын талдау шешімі өзекті болып табылатын мәселелерді анықтайды:

- теориялық тұрғыдағы мәселелердің жеткілікті қозғалмауы;
- конкурсты өткізу кезіндегі шынайы бәсекелестікті қамтамасыз ету және сыбайлас құқық бұзушылыққа ескерту жасау, мемлекеттік сатып алу тәртібін реттеу бойынша нормативтік базалардың жетілдірілмеуі;
- бюджет бағдарламаларын ұйымдастырушылардың иелігіндегі бюджет қаражаттарының пайдаланылуына тиісті бақылаудың, мониторингтің және талдаудың жүргізілмеуі;
- мемлекеттік сатып алуға бөлінген бюджет қаражаттарының мақсатсыз жұмсалыуына және игерілмеуіне алып келетін, мемлекеттік сатып алу көлемін және номенклатураларын ұйымдастырудағы бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау сапасының деңгейінің төмендігі [2, 26].

Бұл мәселелер мемлекеттік сатып алудың қаржыландырылуын жетілдіру қажеттілігін, оның ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан жеткілікті зерттелмегендігін айқындап, диссертациялық зерттеу тақырыбының таңдалуын анықтады.

Соңғы бірнеше жылда байланыс саласында технологиялық революция болды. Мәліметтерді электронды алмастыру құлшынысының дамуы, оның ішінде электрондық поштаның және Интернеттің қолданылуы сауда операцияларын жүзеге асыру тәсілдерін өзгертті, өз кезегінде сыртқы сауда мәмілелерін біршама ықшамдады және ХХІ ғасырдағы экономикалық дамудың негізгі бағыты – электрондық сауда – жаңа процесінің сауда операцияларына ену тәжірибесіне куә болып отырмыз. Осыған байланысты мемлекеттік қажеттілік үшін өнімдерді сатып алуға конкурстық сауданы дамыту бағыттарын электрондық түрде жүзеге асыру маңызды болып табылады.

Электрондық сауда жаңа құбылыс емес. Ол электрондық торлар және Интернет арқылы электрондық құралдар көмегімен мәмілелерді (яғни тауарлар мен қызметтерді сату және сатып алу немесе сату және сатып алуға қатысты келіссөздер жүргізу) жүзеге асыру ретінде анықталады. Интернет үнемі саны өсіп отыратын қатысушылар арасында дүниежүзілік аумақта жүзеге асырылатын коммерциялық қызметтердің кешенді торына электрондық сауданы енгізуге мүмкіндік берді. Дәстүрлі электрондық саудаға тор мәліметтерді беру құралы болып табылады: интернет арқылы электрондық сауда үшін тор мәмілені жүзеге асыратын нарық болып саналады.

Қазіргі таңда дүние жүзінде электрондық сауданы екі салада қолданады: business-to-business (B2B) терминін қолданатын, корпоративтік клиенттерді бағыттайтын электрондық коммерцияның нысанын белгілеу үшін; жеке тұлғалардың жұмысына бағытталған сектор үшін - business-to-consumer (B2C). [3, 15]

Дәл B2B мемлекеттің қажеттілігін ескереді, әсіресе мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алу саласына өте қажет.

Дүние жүзілік электрондық сауданың көлемі қатты өсуде. Электрондық сауда көлемінің қарыштап өсуі келесі артықшылықтар мен тиімділікке байланысты:

1. Айналым шығындарын 20-30% дейін қысқартуға мүмкіндік береді, жекелеген жағдайларда орта және шағын кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен бәсекелесуге мүмкіндік береді.

2. Нарық мүмкіндіктеріне қатысты ақпараттардың жетіспеушілігі және территориялық оқшаулық сияқты дәстүрлі кедергілерді жеңіп шығуға көмектеседі.

3. Нарықтағы қатысушылар санының өсуінен жаңа қатысушылардың пайда болуына мүмкіндік туғызатын сатушы мен сатып алушы арасындағы тікелей келісім шарттық қатынастар үшін жағдай жасау.

4. Нарықтық транспаренттілікті жақсартады: сатушылар мен сатып алушылар әр түрлі бәсекелестер ұсынған баға, сапа және жеткізу шарттары туралы ақпараттарды лезде алады.

5. Нарықтық порцестегі қылмыстар, шетелге капиталдың ағылуы және тағы басқада келеңсіз құбылыстардың алдын алуға көмектеседі.

Сондай-ақ электрондық сауданы дамыту алаяқтық, салықтан жалтару, құпияны сақтамау, шығармашылық меншік құқығын бұзу сияқты тәуекелсіз болмайды. Алайда артықшылықтарды пайдалану үшін Қазақстанда электрондық сауданы тиімді қолдануға байланысты кедергілермен күресу қажет, көптеген түсініксіз мәселелерді анықтап, жаңа мәселелердің туындауына жол бермеу қажет [4, 65].

Интернет арқылы сауда табиғаты бойынша көп ұлтты. АҚШ, Жапония және ЕО елдерінде ең көп қолданысқа ие болды. ДСҰ қатысушы елдердің көбеюі және осы ұйым шегінде байланыстың негізгі құралдары (Agreement on Basic Telecommunications) бойынша келісімдер электрондық сауданың жаһандық нарығын ұйымдастыру үшін нақты мүмкіндіктерді құрады. Осы бағытта шығармашылық құқықты сақтау үшін бақылау іс-шараларын күшейтетін халықаралық заңнамалық келісімдерді жасау сияқты факторлар іске қосылған.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу Комитетінің «Электрондық коммерция орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын 2003 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 203 жылғы 13 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің кейбір сұрақтары туралы» № 1262 жарғысына сәйкес құрылды.

Қазіргі уақытта компания «Электрондық коммерция орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік («ЭКО» ЖШС) болып қайта құрылымдастырылған.

«ЭКО» ЖШС «Самғау» ұлттық ғылыми-технологиялық ходингтің еншілес кәсіпорыны болып табылады. «ЭКО» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары мынандай:

- мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпараттармен қамтамасыз ету және ақпараттар жүйесін құру, енгізу және қосу;

- электрондық мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушы ұйымдардың қызметкерлерін оқыту, оның ішінде электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмысын оқыту;

- мемлекеттік сатып алу саласындағы семинар, конференцияларды ұйымдастыру;

- электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жасау;

- электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы есептеуші құралдар мен коммуникациялық техникаларға жүйелік және техникалық қызмет көрсету;

- электрондық коммерция аясын зерттеу.

2007 жылы 19 қазанда электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі Web-портала www.goszakup.kz. бөлігіне енгізілді. Бұл жүйе мынандай мүмкіндіктерді береді:

- мемлекеттік қажеттілік үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бюджет шығындарын азайту;

- мемлекеттік тапсырысты орналастыру және құрудың біртұтас тәртібі;

- мемлекеттік сатып алу тәртібін өткізу шығындарын азайтады;

- өнімді жабдықтаушылар арасында бәсекелестің тең шартын құру;

- жинақталған ақпараттарға жылдам қолжетімділік;

- қағаз құжат айналымының елеулі қысқаруы;

- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтылығы және транспаренттілігінің артуы;

- мемлекеттік сатып алу процесіндегі құқық бұзушылық санының азаюы.

Электрондық мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесі нақты уақыт режимінде электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізуге арналған. Бұл үшін жүйе тапсырыс берушілердің қажеттілігі туралы ақпараттарды беруді, сатып алу реестрін құру нәтижесі ретінде біріктіруді келесі сатып алу тәртібінің өткізлуін қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар жүйе шегінде реестр қолданылады:

- тапсырыс берушілер

- тауарлар, жұмыстар, қызметтер (классификатор);

- мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттар

- мемлекеттік сатып алуға ықтиярсыз қатысушылар[5, 48].

Жүйенің маңызды ерекшелігінің бірі оның интернет ортасында құрылуы. Бұл тұтынушыларды төмен шығынмен, тұтынушылардың саны мен географиясын оңай кеңейту мүмкіншілігімен қамтамасыз етеді. Егер потенциалды тұтынушылардың интернетке қолжетімді болмаса, онда операторларға құжаттарды беріп жіберуді пайдалана алады. Электрондық мемлекеттік сатып алу механизмін енгізу:

- қағаз құжат айналымының елеулі қысқаруына алып келеді;

- бюджеттің шығыс бөлігін тиімді жоспарлау және жалпы басқаруды жоғарлатуға мүмкіндік береді;

- бюджет қаражаттарының үнемделуіне мүмкіндік береді;

- мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтады;

- мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алудың халықаралық ақпараттар жүйесінде бірігу үшін алғышартты құру;

- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтылығы және транспаренттілігінің арттыру.

Потенциалды жабдықтаушы үшін бұл шешімдер мынандай мүмкіндіктер береді:

- тиімді ұсынысты құру үшін өз қызметін жоспарлауға;
- сатылып алынатын өнімге алдын ала өз баға белгілеуін ұсыну;
- өтіп жатқан сатып алу туралы ақпараттарды жиі алып тұру;
- мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу шығынын азайту;
- ҚР өзге қалалары мен аймақтарында өтіп жатқан сатып алуға қатысу.

Орталық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу Комитетінің www.goszakup.kz порталын құрды. Осы порталда электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қызметі жүзеге асырылды. Бұл порталға қолжетімді болу үшін авторизациядан өту қажет. Авторизациялау процесі электрондық цифрлік қолды қолдану немесе тұтынушының аты-жөні мен паролін енгізу арқылы жүзеге асырылады. Электрондық цифрлік қолдар ұлттық куәландырушы орталық берген тұтынушылар сертификатын тексеруден өтеді. Егер куәландыру орталық электрондық цифрлік қолды берген болса, онда ол жарамды болады да, белгілі бір тұтынушылар шегінде электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің қызметіне толық қолжетімділікке ие болады. Егер сертификат кері алынған болса, онда тұтынушы өзінің сертификатының жарамсыз екендігі туралы хабарлама алады.

«Электрондық мемлекеттік сатып алудың» ақпараттық жүйесін құру «электрондық үкімет» бағдарламасы шегінде жүзеге асырылды.

2007 жылы 21 шілдеде қабылданған № 303-III «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы (2014 жылы 15 қаңтарда өзгерістер енгізілді) 2008 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілді, онда мемлекеттік сатып алу аясындағы қоғамдық қатынастар түбегейлі қайта қарастырылды.

Қазақстанның электрондық коммерцияға көшуге дайын екендігі сөзсіз. Мемлекет электрондық сауда кеңістігі мен тауар биржаларын құра отырып, бірінші кезекте сауданың дамуын ынталандырады, ерекше талаптарды қоймай-ақ сауда қызметінің субъектілері кездесетін орынды құру болып табылады. Негізгі мақсаты – неғұрлым көп сату-сатып алу мәмілелерін жасау болып табылады. Бұл үшін сауда кеңістігінде және тауар биржаларында құқықтық қатынастардың реттелуі мемлекеттік қаржылық бақылау және қадағалау аясынан тыс жатқан ішкі ережелермен жүзеге асырылады.

Электрондық сауда мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда «Жеке сипаттағы ақпараттар» деп аталатын ақпараттарға негізделеді. Бұл құқықтық қамтамасыз етуде өте маңызды орын, барлық электрондық сауданың даму сәттілігі мен сәтсіздігі осындағы азаматтардың өзара сенімі мен сыйластығына байланысты іргелі құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нормалардың болуын қамтиды [6, 81].

Мемлекеттік сатып алу тұжырымдамасының жүзеге асырылуы соншалықты жылдам және сәтті емес екендігін атап айту қажет.

Электрондық сауда және мемлекеттік сатып алу жүйесіне арналып соңғы уақытта шығарылған бірқатар нормативтік құқықтық актілер бұл мәселеге қатысты мемлекет пен қоғамның жоғары қызығушылығын көрсетті. Электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу базалық мемлекеттік қызметтің бірі болып саналады және электрондық үкімет жолындағы жетістіктер индикаторы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Республика Казахстан. Закон от 21.07.2007 года № 303-III (с изменениями и дополнениями по сост. на 24.03.2011 г.) Закон о Государственных закупках// <http://goszakup.gov.kz>
2. Дорнбуш Р., Фишер С. Макроэкономика / Пер. с англ.- М.: Изд-воМГУ: ИНФРА-М, 1997. - 55с.
3. Официальный веб-портал государственных закупок Республики Казахстан www.goszakup.gov.kz

4. Грегори Мэнкью Н. Макроэкономика / Пер. с англ. - М.: Изд-во МГУ, 1994 г. 59с.
5. Макконнелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс: Принципы, проблемы и политика. В 2-х т.: Т. 1. / Пер. с 13анг. изд.- М.: ИНФРА - М, 2000.- XXVI, 135 с.
6. Стиглиц Дж.Ю. Экономика государственного сектора.- М.: ИНФРА-М, 1997.-228с.

РОЛЬ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УЧЕТА В ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКОМ ОБЕСПЕЧЕНИИ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЕМ

**Рзаева Л. Х.,
Ситенко Д. А.**

доктор PhD, ассоциированный профессор, профессор
Карагандинский государственный университет им. Е. А. Букетова, г. Караганда,
Республика Казахстан
E-mail: rzaeva.1995@mail.ru

Андапта: мақалада кәсіпорынның табысты басқаруында стратегиялық есеп берудің нәсері талқыланады. Бухгалтерлік есеп – бұл ұйым ішінде және одан тыс жерде басқару және қаржылық шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады. Сонымен қатар, олмаңызды функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді - ақпарат, жоспарлау, бақылау, қауіпсіздік және талдау. Стратегиялық шешім – ұйымның нақты мақсаттарына қол жеткізу үшін талдаудың, болжаудың, оңтайландырудың, экономикалық негіздеудің және әртүрлі нұсқалардың балама нұсқаларынан таңдаудың нәтижесі, онда стратегиялық басқарудың салмақты шешімдерін қабылдау үшін ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі туралы уақтылы және сапалы ақпарат маңызды әл атқарады. Бәсекелестік артықшылықтарға және нарықтағы ұстанымдарға қол жеткізу өндірістік қуаттарды пайдалану, өндірістің жаңа буынын өндіру, негізгі құралдарды қайта құру және жаңғырту, заманауи жоғары технологияларды пайдалану арқылы өндіріс жүйелерін стратегиялық дамыту мәселелерін шешуге байланысты. Көптеген шығындарды жоспарлау бойынша стратегиялық шешімдер клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес келуі және өзара байланысты болуы керек.

Аннотация: в статье рассмотрены вопросы влияния стратегического учета в успешном управлении предприятием. Учетная информация служит основой для принятия управленческих и финансовых решений как внутри организации, так и вне ее. При этом она обеспечивает выполнение важнейших функций - информация, планирование, контроль, сохранность и анализ. Стратегическое решение - это результат анализа, прогнозирования, оптимизации, экономического обоснования и выбора альтернативы из множества вариантов достижения конкретной цели организации, где важную роль играет своевременная и качественная информация о финансово-хозяйственной деятельности организации для принятия взвешенных стратегических управленческих решений. Достижение конкурентных преимуществ и позиций на рынке во многом зависит от решения проблем стратегического развития производственных систем, связанных с использованием производственных мощностей, разработкой нового поколения продукции, реконструкцией и обновлением основных фондов, использованием современных высоких технологий. Стратегические решения по планированию многочисленных затрат должны приниматься с учетом потребностей клиентов и быть взаимосвязанными.

Annotation: the article discusses the impact of strategic accounting in the successful management of an enterprise. Accounting information is the basis for making management and financial decisions both within the organization and outside it. At the same time, it ensures the performance of the most important functions - information, planning, control, safety and analysis. Strategic decision is the result of analysis, forecasting, optimization, economic justification and